

«Шамшырақ» мектепке дейінгі ұйым МКҚК-нің 04.07.2022 жыл №2 кезектен тыс педагогикалық кеңес хаттамасының көшірмесінен үзінді

Қатысқандар-5

Кеңес төрағасы: Айтмағанбетова К.Т.

Хатшы: Тәңірбергенова Н.Ж.

Күн тәртібінде:

1. «Шамшырақ» мектепке дейінгі ұйымы МКҚК-нің өзін-өзі бағалау жұмысын өткізу туралы. /К.Т.Айтмағанбетова/

Тыңдалды: МДҰ менгерушісі Айтмағанбетова Каракоз Турганбаевна Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті төрағасының 2021 жылғы 03 тамыз № 634 бұйрығымен бекітілген «Білім беру ұйымдарында мемлекеттік аттестаттауды ұйымдастыру және өткізу жөніндегі нұсқаулыққа» сәйкес білім беру ұйымдарын мемлекеттік аттестаттаудан өту үшін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті төрағасының 2021 жылғы 10 қыркүйектегі № 700 бұйрығына қосымша «Білім беру ұйымдарының өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды» басшылыққа ала отырып «Шамшырақ» мектепке дейінгі ұйым қызметін өзін-өзі бағалау бойынша кезектен тыс педагогикалық кеңесте шешім қабылданды:

ШЕШІМ:

1. Білім беру ұйымдарын мемлекеттік аттестаттау нұсқаулығына сәйкес мемлекеттік аттестаттаудан өту үшін «Шамшырақ» МДҰ МКҚК қызметіне өзін – өзі бағалау жұмыстары жүргізілсін.
2. «Шамшырақ» МДҰ МКҚК-ның қызметіне жүргізілетін өзін – өзі бағалау жұмыстарының мерзімі 2022 жылдың 05.07-29.09 аралығы болып бекітілсін.
3. Мектепке дейінгі ұйым қызметіне өзін – өзі бағалау жұмыстарын жүргізу үшін жауапты комиссия құрылсын.
4. ҚР «Білім туралы» Заңына сәйкес білім беру ұйымы көрсететін білім беру қызметінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарт талабына сәйкестігін анықталсын.
5. Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарына сәйкес өзін-өзі бағалау жұмысын жүргізу кезінде комиссия мүшелеріне зерделеудің нақты бағыттары бойынша тапсырмалар бөлініп, жоспар құрылып берілсін.

Пед.кеңес төрағасы:

Хатшысы :



К.Т.Айтмағанбетова

Н.Ж.Тәңірбергенова